



САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Жаратылыстану
Мұғалім	Аштаева Гулжан
Мектеп, сынып	Астана қаласы, № 81 «Astana English school» гимназиясы, 1-сынып
Сабақ тақырыбы	Жер және ғарыш Ғарыш дегеніміз не?



www.bilimland.kz

Оқу мақсаты	<p>1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау.</p> <p>1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау.</p> <ul style="list-style-type: none"> қоршаған әлемдегі құбылыстарды, үдерістерді және нысандарды зерттеудің қажеттілігін түсіну. жаңа сабақта алған білімдерін өмірде қолданады. 												
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Тірек сөздерді есте сақтайды. Оқушылар жер ғаламшарының шарға ұқсайтынын біледі; Ғарыштағы 4-5 ғаламшарларды есте сақтайды және ең алғаш ғарышқа ұшқан жануарларды біледі. <p>Оқушылардың басым бөлігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жердің шарға ұқсайтынын анықтайды; Ғарышкерлердің атын атайды. <p>Кейбір оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Шардың физикалық қасиетіне бақылау жүргізе алады; Тақырып бойынша тірек сөздерді үш тілде біледі және сабақты қолданады. 												
Тілдік мақсат	<p>Негізгі терминдер мен сөзтіркестер:</p> <table> <tr> <td>Қазақша</td> <td>Орысша</td> <td>Ағылшынша</td> </tr> <tr> <td>Ғарышкер</td> <td>Космонавт</td> <td>astronaut</td> </tr> <tr> <td>Скафандр</td> <td>Скафандр</td> <td>space suit</td> </tr> <tr> <td>Зымыран</td> <td>Ракета</td> <td>rocket</td> </tr> </table> <p>Сабақта диалог үшін қолданылатын тіл. Талқылауға арналған сұрақтар: Ғарышқа ұшқан жануарлардың аты қалай аталады? Қазақстандық қандай ғарышкерлерді білесің? Ю.А. Гагарин кім?</p>	Қазақша	Орысша	Ағылшынша	Ғарышкер	Космонавт	astronaut	Скафандр	Скафандр	space suit	Зымыран	Ракета	rocket
Қазақша	Орысша	Ағылшынша											
Ғарышкер	Космонавт	astronaut											
Скафандр	Скафандр	space suit											
Зымыран	Ракета	rocket											
Ресурстар	<p>Жұлдызды аспанның картасы; Ең танымал шоқжұлдыздардың суреттері. Интернет-ресурстар: Астрономия тарихы туралы бейнефильм, мысалы, №244. Астрономия http://bilimland.kz/kk#lesson=13809; №248. Ғарыш кеңістігін алғашқы зерттеу кезеңі, http://bilimland.kz/kk#lesson=13813</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div>												

	http://bilimland.kz , http://imektep.kz/tabigat , интербелсенді тақта, флипчарт, тест.
Күтілетін нәтижелер	Оқушылар: Ғарыш ұғымымен танысады; Астрономияның аспан денелерін және оларда жүретін барлық үдерістерді зерттейтін ғылым екенін түсінеді; Шоқжұлдыздар терминімен танысады және оның мағынасын түсінетін болады; Ол үшін түрлі аңыздарды оқиды, өз беттерінше шоқжұлдыздар туралы жоба дайындайды.
Тірек сөздер	Астрономия, ғарыш, шоқжұлдыз.
Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, сұрақ-жауап, СТО, СКТ, ой толғау, ой шақыру, топтастыру, еркін сөйлеу, пікірсайыс, теориялық талдау, мәнерлеп оқу, топтастыру.
I. Қызығушылықты ояту. Өткенді пысықтау	<p>Сен не үйрендің? Өткен бөлім бойынша қайталау.</p> <p>1. Қозғалыс дегеніміз - бұл</p> <p>а) заттардың орын ауыстыруы; ә) заттардың түсін өзгертуі; б) заттардың пішіні.</p> <p>2. Заттың қозғалыс траекториясы дегеніміз не?</p> <p>а) қозғалыстағы заттың соңынан қалатын, көзге көрінетін сызығы; ә) қозғалған заттың соңынан қалатын, әр уақытта көзге көріне бермейтін «ізі» (сызығы).</p> <p>3. Заттар ненің әсерінен қозғалады?</p> <p>а) заттар өз бетімен қозғалады; ә) заттар күштің әсерінен қозғалады; б) заттар қозғалмайды.</p>
II. Мағынаны тану Сабаққа байланысты деректі материалдар Астрономия — жер бетіндегі ең ежелгі ғылым. Ол ғаламды, аспан денелерін, олардың қозғалыстарын, пайда болуы мен дамуын зерттейді. Ерте заманда адамдар жұлдызды аспанды бақылаған. Олар күн мен түннің және жыл мезгілдерінің, Ай фазаларының ауысуын байқаған. Ежелгі мысырлықтар аспанда жарық жұлдыз Сириус пайда болғаннан кейін төртінші-бесінші күні Ніл өзенінің	<p>1. Ғарыш, аспан, Жер, жұлдыз дегенде не елестейді? (оқушылар пікірін тыңдау).</p> <p>2. Мұғалімінің кіріспе әңгімесі. (Берілген суреттер бойынша аспан денелері, жұлдыз т. б. туралы баяндау) — Сендердің елестеткендерің шындықпен сәйкес келді ме? — Ғарышта не бар? (Ғарыш — бұл шексіз кеңістік, онда сан алуан ғарыш денелері бар) Ерте заманда адамдар аспанда көрінетін жұлдыздарды аспан күмбезіне қағылып тұрған шегелер деп есептеген. Ежелгі астрономия. Оқушылар шағын топтарға бөлінеді. — Балалар, қалай ойлайсыңдар “Ежелгі адамдар астрономиямен не үшін айналысты?” — Олар нені байқаулары мүмкін еді? (Олардың назарын суретке аударып, болжам жасап көруді тапсырамын)</p>

арнасынан асатынын білген. Ежелгі диқандар Күн көкжиектен неғұрлым биік көтерілсе, соғұрлым жылы болатынын, яғни жақын арада көктем келетінін анықтаған. Бақылау нәтижесінде алғашқы күн тізбелер жасалған. Күн және Ай күнтізбелері әр халықта әртүрлі болған. Олар әлі күнге дейін қазіргі ғалымдарды зерттеулеріндегі дәлдігімен таңғалдырып келеді.

Ғалам — уақытпен және кеңістікпен шектелмеген алуан түрлі әлем. Ол — адамның санасынан тыс тіршілік ететін әлем. Ғалам өте көп аспан денелерінен тұрады, олардың көпшілігінің мөлшері Жерден бірнеше миллион есе үлкен.

Шоқжұлдыздар — шоғырланып түрлі мүсіндерді түзетін жұлдыздардың тобы. Олардың көпшілігінің атаулары грек аңыздарынан шыққан. Птолемейдің “Альмагестінде” аспан мен шоқжұлдыздар жан-жақты сипатталған. Бұл классикалық сипаттама. Жылдар өте келе кейбірі ұмытылып, жаңадан пайда болды. Бос орындар толтырылды. 1930 жылы қазіргі шоқжұлдыздардың тізімі жасалып, шекарасы бекітілді. (МАН)

Тыңдалым: топтарға сұрақтар беріледі.

— Адамдар ерте заманда немен айналысқан?

— Қандай құралдарды қолданған?

— Адамдар не үшін көшпенді өмір салтын ұстанды?

Оқушылардың жауаптарын тыңдай отырып, қосымша мағлұмат беремін.

Сол кездегі адамдардың негізгі іс-әрекеті диқаншылық, аңшылық және балық аулау болған. Көптеген халықтар, сонымен қатар қазақтар да көшпенді өмір сүрді. Сондықтан олар жұлдыздардың қозғалысын бағдарлап, жыл маусымдарының ауысуын болжаған. Себебі оларға қай уақытта егін егіп, қай уақытта жинап алу керектігін анықтау қажет болды. Сонымен қатар кейбір елдерде өзендердің арнасынан шығу кезеңдерін білу маңызды рөл атқарды. Оны алғашқы күнтізбелерден байқауға болады.

Оқулықпен жұмыс. Оқушылар оқып шығып, топта талқылайды.

№244. Астрономия <http://bilimland.kz/kk#lesson=13809>

Бақылау. Тапсырманы орындай отырып, оқушыларға сұрақтар қойылады:

— Аспанда не көрінеді? (Ай, Күн, жұлдыздар)

— Жұлдыздардың барлығы бірдей болып көріне ме?

(Жарық жұлдыздар, сонымен қатар күңгірттері де бар)

— Кейбір жұлдыздардың бір-біріне жақын орналасқанына қарай қалай атауға болады? (Осындай жұлдыздар тобын шоқжұлдыз деп атауға болады)

Зерттейік. №248. Ғарыш кеңістігін алғашқы зерттеу кезеңі, <http://bilimland.kz/kk#lesson=13813>

Топтық жұмыс. Топтарға жұлдыздар туралы

аңыздардан үзінді беріледі. Оқушылар өздері оқи отырып, тауып алған ақпараттарын тірек сөздердің көмегімен жазып алуды тапсырамын.

Топ мүшелері міндеттерді бөліп алып: олардың жартысы шоқжұлдыздардың суреттерін салады, келесі бөлігі шоқжұлдыздарды бірнеше сөзбен сипаттай алады, қалған оқушылар кітаптың мұқабасын әзірлей алады. Тапсырманы орындап болған соң, әр топ өз жұмыстарын сыныптың талқылауына ұсынады.

Зерттеу барысында қойылатын сұрақтар:

— Не себепті осы шоқжұлдыз таңдап алынды?

— Ол несімен қызықты?

— Шоқжұлдыздарды ажырату не үшін қажет болды?

— Жұлдыздар қандай заңдылықтарға бағынады?

— “Астрономия” сөзінің аудармасы қалай екен?

	Топтар бір-біріне «Неге?» – деп, сұрақ-жауап жүргізеді.
Бекіту	Мәтінді сатылай кешенді талдау. Ғарыш дегеніміз не? 1. Анықтама. 2. Тану. 3. Ерекшелігі. 4. Салыстыру. 5. Экологиясы. 6. Қорытынды. 7. Нәтиже.
III. Қорытынды	1. Анықтама. Жерді қоршаған бүкіл дүние Әлем немесе Ғарыш деп аталады. 2. Тану. Ғарыш денелеріне: ғаламшарлар, Жер серіктері, жұлдыздар, кометалар, астероидтар жатады. 3. Ерекшелігі. Ғарыштағы қашықтық өлшемі үшін көп жағдайда жарықтың таралу жылдамдығы бірлік ретінде алынады. Жарық секундына 300 000 км жылдамдықпен таралады. 4. Салыстыру. Күн – қатардағы жұлдыздардың бірі. Жер – шар тәрізді дене. 5. Экологиясы. Күн – жан-жағына жарық сәуле және орасан зор мөлшерде жылу таратады. Бұл болмаса жер бетін қара түнек басар еді. 6. Қорытынды. Ғарышқа жол 1957 жылы 4 қазанда ашылды. Кеңес Одағында Жердің жасанды серігі ұшырылды. 1961 жылы 12 сәуірде Ю.А. Гагарин ғарыш кемесімен жер шарын айнала ұшты. 7. Нәтиже. Жердің жасанды серіктері халық шаруашылығына үлкен қызмет көрсетеді. Телехабарлар беріледі. Радио, телефон байланыстары жүргізіледі. Ауа райы алдын ала болжанады.
Пәнаралық байланыс	Қосымша тапсырмалар
Дүниетану. Ерте замандағы адамдардың өмір салты. Көшпенділер	Шоқжұлдызды құрастыр. Оқушылар “ғаламшар” сөзінің әріптерін тауып алып, жұлдыздарды ретімен жалғастыра алады. Тапсырманы орындау нәтижесінде оқушыларда Жетіқарақшы шоқжұлдызының бейнесі (ожау) пайда болады.
Бағалау	Оқушылар ғарыштың не екенін түсінеді. Ғарышқа саяхат. Оқушылардан өздерін ойша ғарыштамыз- деп елестетуді өтінемін. — “Айналадан не көріп тұрсындар?” — “Айналада ауа бар ма? Шарлар ұша ала ма?” — деп сұраймын. Тапсырманы орындай отырып, оқушылар өздерінің

	ғарыш туралы қиялдарының суретін салып беруді сұраймын.
--	---

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеремін)?

1: Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау.

2: Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеремін)?

1: Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу.

2: Рефлексия.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетінін білдім?